



Бекітемін
«Куншуак» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы
директор А. Е. Баянова

«Куншуак» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

№	Отырыс тақырыбы	Қатысушылар санаты	Жауаптылар
Қыркүйек			
1	№1 Педагогикалық әдеп кеңесі отырысы. 1. Кеңес құрамын бекіту, төрайым мен хатшыны сайлау. 2. Педагогикалық әдеп туралы ережелермен таныстыру. 3. Жылдық жоспарды бекіту. 4. Педагогтердің қызметтік әдебі, киім үлгісі, сөйлеу мәдениеті.	Кеңес мүшелері	Төрайым
Қараша			
2	№2 Педагогикалық әдеп кеңесі отырысы. 1. Әдеп нормаларын бұзу жағдайларын алдын алу. 2. Педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас мәдениеті. 3. Балалармен қарым-қатынас этикасы. 4. Ұжымдағы ішкі қатынасты нығайту.	Кеңес мүшелері	Төрайым
Наурыз			
3	№3 Педагогикалық әдеп кеңесі отырысы. 1. Ұжымдағы мәдени іс-шаралар және этика. 2. Әлеуметтік желілердегі тәртіп. 3. Педагогикалық әдептің	Кеңес мүшелері	Төрайым

	сақталуын бақылау. 4. Қиын жағдайларды шешім қабылдау.		
Мамыр			
4	№4 Педагогикалық әдеп кеңесі отырысы. 1. Педагог беделін көтеру. 2. Жылдық қорытынды. 3. Келесі оқу жылына ұсыныстар. 4. Этикалық норманы сақтау бойынша тренинг.	Кеңес мүшелері	Төрайым

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№1 Хаттамасы

Таушық ауылы
Қ. Жұбайұлы №33
Қатысқаны 7

05 қыркүйек 2023

Күн тәртібінде

1. Кеңес құрамын бекіту, төрайым мен хатшыны сайлау.
2. Педагогикалық әдеп туралы ережелермен таныстыру.
3. Жылдық жоспарды бекіту.
4. Педагогтердің қызметтік әдебі, киім үлгісі, сөйлеу мәдениеті.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы сөз алды. Р. Қ. Қосуақова.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрыққа 2-қосымша, 3-тарау Кеңес қызметін ұйымдстыру. Кеңестің өклеттік мерзімі 3 жылды құрайды. Кеңес төрайымы, хатшы және кеңестің басқа да мүшелерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс. (Кеңес хатшысын есептемегенде). Кеңеске келесі тұлғалар кіреді. Білім басқармасы өкілдері, білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын кәсіподақтар және үкіметтік емес ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кемінде 2 педагог. Құрметті демалысқа шыққан педагогтер білім беру ұйымының басшысы, білім беру ұйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлер осы білім беру ұйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналары Кеңес құрамына оның мүшелері ретінде енгізілмейді. Бұл ретте Кеңес хатшысы ретінде білім беру ұйымының басқарушылық, әкімшілік, қосалқы персоналының қызметкерлеріне жол беріледі. Комиссия мүшелері ретінде төмендегі тұлғаларды дайындау.

1. Кушакбаева Жанна – мүшесі, Түпқараған ауданы оқу әдістемелік орталығы әдіскері;
2. Тастемирова Жанилсин – мүшесі, ардагер ұстаз;
3. Жамишова Гүлжихан – мүшесі, психолог;
4. Ходжа-Ахметова Камшат – мүшесі, тәрбиеші;
5. Медиманова Айгул – мүшесі, аналар кеңесі мүшесі;
6. Жаксылыкова Айгуль – хатшы, бөбекжай әдіскері.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Тастемирова Жанилсин ардагер ұстаз.

2023-2024 оқу жылына жолға қойылған кеңестің жоспары жақсы құрылған. Алдағы уақытта барлық атқарылатын жұмыстарға сәттілік тілеймін. Педагог тәрбиешілер өздерінің кәсіби міндеттерін орындау кезінде сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әрбір бүлдіршінге жол сілтеп, бала бойына жақсы қасиеттерін сіңіретін бірден-бір жан ол – ұстаз, тәрбиеші. Педагогикалық әдеп жөніндегі негізгі ережелер мен талаптар кеңес мүшелеріне жан-жақты таныстырылды. Әдеп нормаларының мазмұны, педагогтің кәсіби мінез-құлқын, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениеті туралы түсіндірме берілді. Сонымен бірге педагог мәртебесін арттыру, ұжым ішіндегі өзара сыйластық пен жауапкершілікті күшейту қажеттілігі атап өтілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі психолог Жамишова Г. сөйледі.

2023-2024 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жылдық жоспары қарастырылды. Жоспарда педагогтердің әдеп мәдениетін жетілдіру, тренингтер өткізу, профилактикалық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қамтылған. Кеңес мүшелері жоспардағы іс-шаралардың өзектілігі мен орындалу мерзімдерін талқылады.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Медиманова Айгул сөйледі.

Педагог қызметкерлердің кәсіби әдебі, сыртқы келбеті (киім үлгісі), сөйлеу мәдениеті және жалпы мінез-құлық нормалары кеңінен талқыланды. Педагогтің үлгі боларлық тұлға ретінде балаларға және ата-аналарға дұрыс бағыт беруі жөнінде айтылды. Сонымен қатар жұмыс барысында әдепсіз сөйлеу, жұмыс орнының талаптарына сай келмейтін киім кию, қызметтік этиканы бұзу жағдайларының алдын алу мәселелері қаралды.

Кеңес шешімі

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы бекітілсін.
2. Педагогикалық әдеп ережелері педагогтер назарына жеткізіліп, қатаң сақталсын.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.
4. Педагог қызметкердің әдеп нормалары, киім үлгісі, сөйлеу мәдениеті сақталсын.

Әдеп талаптарының орындалуын бақылау Кеңес төрайымына жүктелсін.



Кеңес төрайымы:

Р. Қосуақова

Р. Қосуақова

Хатшы:

А. Жақсылықова

А. Жақсылықова

«Күншуак» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№2 Хаттамасы

Таушық ауылы
Қ. Жұбайұлы №33
Қатысқаны 7

24 қараша 2023

Күн тәртібінде

1. Әдеп нормаларын бұзу жағдайларының алдын алу.
2. Педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас мәдениеті.
3. Балалармен қарым-қатынас этикасы.
4. Ұжымдағы ішкі қатынасты нығайту.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Р. Қосуақова сөйледі.

Бөбекжайда педагогикалық әдептің сақталуына аса мән берілуі керек. Педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер болған жағдайда алдын алып, мән-жайларды жан-жақты толығымен саралап, келесіде жол бермеу қажет. Тәрбиеші педагог этикасы – бұл тәрбиеші мен бала, ата-анамен тәрбиеші арасындағы қарым қатынас болып табылады. Педагог қызметкерлердің кәсіби әдебіне, сыртқы келбетіне, киім үлгісіне, сөйлеу мәдениетіне мән беріліп, талқыланып отыру керек. Жұмыс барысында әдепсіз сөйлеу, бейберекет жүріп тұруы, қызметтік этиканы сақтамауы кезінде алдын алып, жан-жақты, жоспарлы, жүйелі жұмыстар жүргізуіміз керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі тәрбиеші Ходжа-Ахметова Камшат сөйледі.

Бөбекжайда ұйымдастырылып өткізілетін жоспарлы іс-шараларға тоқталды. Ата-ана бөбекжаймен, тәрбиеші педагогпен тығыз байланыста болуы керек. Әсіресе ата-ана қатысатын шараларда ұйымшылдық, қонақжайлылық, мәдениеттілік, адамгершілік, сыйпайылық көрсету бөбекжай имиджін қалыптастыратын негізгі фактор екені анық. Бізде бөбекжайда ата-анамен байланыс орнату кезінде барлық тәрбиеші педагогтер этикалық нормаларды сыпайылық пен сабырлықты қатаң сақтайтынын айта аламын. Педагогтің кәсіби мінез-құлық, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынас мәдениеті туралы толық түсіндіріліп айтып өтті.

Тренинг тақырыбы: Кәсіби әдеп және эмоционалдық тұрақтылық

Мақсаты:

Педагог-психологтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтауын күшейту, эмоцияны басқару дағдыларын дамыту және қиын жағдайларда сабырлы шешім қабылдау қабілетін арттыру.

Кіріспе (5–10 минут)

Тренингті жүргізуші қысқаша түсіндіреді:

- Кәсіби әдеп – педагогтің мәдениеті мен жауапкершілігі
- Эмоционалдық тұрақтылық – қиын жағдайда өзін ұстай білу қабілеті
- Балабақшадағы психологиялық ахуал осы екі факторға тікелей байланысты

1-тапсырма: “Өз эмоциямды танимын” (10 минут)

Мақсаты: өзін-өзі тану

Қатысушыларға сұрақ:

- Қай жағдайда сіз тез ашуланасыз?
- Қай жағдайда сабыр сақтайсыз?

Жауапты қысқаша жазып, ортада талқылау

2-тапсырма: “Қиын жағдай” кейсі (15 минут)

Жағдай:

Ата-ана баласының тәртібіне келіспей, тәрбиешіге эмоциямен сөйлейді. Даулы жағдай туындайды.

Тапсырма:

- Психолог қалай әрекет етеді?
- Қандай сөз қолданады?
- Қандай қателікке жол бермеу керек?

Топтық талдау

3-тапсырма: “Дұрыс және бұрыс реакция” (10 минут)

Психологтарға 2 нұсқа беріледі:

Дұрыс емес:

- дауыс көтеру
- қарсы шабуыл жасау
- эмоциямен жауап беру

Дұрыс:

- сабыр сақтау
- тыңдау
- нақты фактімен сөйлеу
- шешім ұсыну

4-тапсырма: “Эмоцияны басқару техникасы” (10 минут)

Қысқа тәжірибелік әдістер:

- Терең тыныс алу (4–4–4 әдісі)
- 10 секунд кідіріс жасау

- Ішкі диалог: “Мен қазір сабырлы боламын”
- Жағдайды жеке қарастыруға шығару

Қорытынды бөлім (5 минут)

Тренинг қорытындысы:

- Кәсіби әдеп – педагог беделінің негізі
- Эмоционалдық тұрақтылық – конфликттің алдын алады
- Психолог әрдайым бейтарап, сабырлы және кәсіби болуы керек

Қорытынды сөз:

Эмоцияны басқара алған маман ғана кез келген қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдай алады. Бөбекжайдағы тұрақты психологиялық орта – психологтың кәсіби мәдениетіне тікелей байланысты.

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№3 Хаттамасы

Таушық ауылы
Қ. Жұбайұлы №33
Қатысканы 7

15 наурыз 2024

Күн тәртібінде

1. Ұжымдағы мәдени іс-шаралар және этика.
2. Әлеуметтік желілердегі тәртіп.
3. Педагогикалық әдептің сақталуын бақылау.
4. Қиын жағдайларда шешім қабылдау.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Р. Қосуақова сөйледі.

Бөбекжайда өтетін мәдени және мерекелік іс-шаралар кезіндегі педагогтердің іс-әрекеті мен этикасына тоқталды. Мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер, ашық оқу іс-әрекеттер мен корпоративтік шаралар кезінде ұстаздық мәртебеге дақ түсірілмейтіндей тәртіп сақталуы тиіс. Мерекелік шаралар барысында ата-аналармен байланыс орнату кезінде барлық тәрбиешілердің этикалық нормаларды, сыпайылық пен сабырлықты қатаң сақтауы қажет.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Медиманова Айгул сөйледі.

Бөбекжай педагогтерінің әлеуметтік желілеріндегі (Instagram, Facebook, Tik-Tok және т.б.) тәртібі мен цифрлық мәдениеті туралы баяндама жасады. Жеке парақшаларда мемлекеттік қызметкерлер мен педагог мәртебесіне қайшы келетін, қоғамда теріс пікір тудыруы мүмкін бейәдеп суреттер мен видеоларды, бейресми мәліметтерді жариялауға болмайтыны ескертілді. Балалардың фото-видеоларын желіге жүктеу тек ата-аналардың жазбаша келісімімен жүзеге асырылуы тиіс.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Тастемирова Жанилсин сөйледі.

Педагогикалық әдеп бала жүрегіне педагогикалық жол табу деген мағына. Тәрбиешілер қандай кезде де, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялауы тиіс деп ойлаймын. Көпшілік

Баяндама тақырыбы: «Қиын жағдай туындаса»

Бөбекжайдағы педагогикалық қызмет барысында әртүрлі қиын жағдайлар туындауы мүмкін. Олар ата-анамен түсінбеушілік, баланың мінез-құлқы, тәрбиеші мен ұжым арасындағы қарым-қатынас немесе әдеп нормаларының бұзылуымен байланысты болады. Мұндай жағдайларды дұрыс әрі әділ шешу – педагогикалық әдеп кеңесінің негізгі міндеттерінің бірі.

Қиын жағдайлардың түрлері

Бөбекжай тәжірибесінде жиі кездесетін қиын жағдайлар:

- Ата-анамен конфликт немесе келіспеушілік;
- Баланың тәрбиеші талабын орындамауы;
- Баланы артық жазалау немесе кемсіту;
- Тәрбиешінің эмоцияға беріліп қате шешім қабылдауы;
- Ұжым ішіндегі түсінбеушілік;
- Баланың қауіпсіздігіне қатысты жағдайлар.

Қиын жағдай туындаған кездегі негізгі қағидалар

1. Сабыр сақтау және эмоцияға берілмеу

Кез келген жағдайда объективті ойлау маңызды.

2. Баланың мүддесін бірінші орынға қою

Барлық шешімдер баланың психологиялық және физикалық қауіпсіздігіне бағытталуы керек.

3. Әділдік пен бейтараптық

Жағдайды тек фактілерге сүйене отырып қарастыру.

4. Педагогикалық әдепті сақтау

Барлық қатысушылармен сыпайы және мәдениетті қарым-қатынас жасау.

Қиын жағдайды қарастыру тәртібі

1. Ақпарат жинау

Оқиға туралы түсініктеме, шағым немесе куәгер мәліметтері алынады.

2. Әдеп кеңесін шақыру

Комиссия немесе педагогикалық әдеп кеңесі құрылады.

3. Тараптардың түсініктемесін тыңдау

Қатысушылардан жазбаша немесе ауызша түсініктеме алынады.

4. Талдау жасау

Оқиғаның себебі мен салдары анықталып, педагогикалық тұрғыда бағаланады.

5. Шешім қабылдау

Тәрбиелік немесе тәртіптік шаралар белгіленеді.

Қабылданатын шешімдер

- Ауызша ескерту беру;
- Жазбаша түсініктеме талап ету;
- Түсіндіру және түзету жұмыстары;
- Қайта оқыту немесе тренингке жіберу;

- Қажет жағдайда тәртіптік шара қолдану.

Алдын алу шаралары

- Педагогикалық әдеп бойынша тұрақты семинарлар өткізу;
- Ата-аналармен ашық диалог орнату;
- Тәрбиешілерге психологиялық қолдау көрсету;
- Қиын жағдайларды талдау тәжірибесін енгізу;
- Кері байланыс жүйесін дамыту.

Қорытынды

Қиын жағдай туындаған кезде дұрыс шешім қабылдау – бөбекжайдағы тұрақты психологиялық ахуалды сақтаудың негізгі шарты. Педагогикалық әдеп кеңесі әділ, ашық және баланың мүддесін қорғайтын шешім қабылдау арқылы ұжымдағы сенімді нығайтады.

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№4 Хаттамасы

Таушық ауылы
Қ. Жұбайұлы №33
Қатысқаны 7

24 мамыр 2024

Күн тәртібінде

1. Педагог беделін көтеру.
2. Жылдық қорытынды.
3. Келесі оқу жылына ұсыныстар.
4. Этикалық норманы сақтау тренинг.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Р. Қосуақова сөйледі.

Педагог беделін көтеру мәселесіне тоқталып өтейін. Педагогтердің кәсіби имиджін қалыптастыру, педагогикалық әдепті сақтау қоғамдағы және ата-аналар алдындағы беделін арттыру, кәсіби жетістіктерін насихаттау. Жұмыс барысында педагогтердің жетістіктерін марапаттап отыру. Педагогтердің кәсіби жетістіктерін бөбекжайдың әлеуметтік желілеріне жариялау. Ата-аналармен байланысты нығайтуды педагогтердің жұмысына қанағаттану мақсатында сауалнамалар жүргізу. Педагог мәртебесі деген бұл қоғам құндылығы деп білеміз.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі психолог Жамишова Гүлжихан сөйледі.

2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың қорытындысы тыңдалды. Кеңес мүшелері жыл бойы педагогтердің қызметтік әдеп талаптарын сақтауын, еңбек тәртібін нығайтуын, ата-аналармен және әріптестермен өзара қарым-қатынаста педагогикалық этика қағидаларын ұстану бағытында жүйелі жұмыстарды жан-жақты жүргізілгенін атап өтті. Жыл ішінде педагогтердің сыртқы келбетіне, сөйлеу мәдениетіне, әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениетіне және қызметтік міндеттерін адал орындауын қадағалап отырды. Анықталған жағдайларға жекелеген ескертулер, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, алдын алу шаралары жүргізілді. 2023-2024 оқу жылы барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды.

Тренинг тақырыбы: «Этикалық нормаларды сақтау – кәсіби мәдениеттің негізі»

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби этика туралы түсінігін кеңейту, этикалық нормаларды сақтаудың маңыздылығын түсіндіру, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал ету.

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі тренингіміздің тақырыбы – «Этикалық нормаларды сақтау – кәсіби мәдениеттің негізі». Педагогтің кәсіби мәдениеті оның білімімен ғана емес, қарым-қатынас жасау әдебімен, өзін ұстау мәдениетімен және этикалық қағидаларды сақтауымен де бағаланады. Әдеп нормаларын сақтау – ұжымдағы сыйластықтың, ата-аналармен және балалармен тиімді қарым-қатынастың кепілі.

1-жаттығу. «Әдепті педагог қандай?» (10 минут)

Қатысушыларға қағаз таратылады.

Тапсырма:

«Әдепті педагог» дегенде ойларыңызға қандай қасиеттер келеді?

Қатысушылар жауаптарын айтады.

Мысалы:

- Сыпайылық;
- Сабырлылық;
- Әділдік;
- Жауапкершілік;
- Құпияны сақтау;
- Өзгені құрметтеу;
- Мәдениетті сөйлеу.

Қорытынды:

Осы қасиеттердің барлығы педагогтің кәсіби мәдениетін қалыптастырады.

2-жаттығу. «Қиын жағдайдан шығу жолы» (15 минут)

Қатысушылар шағын топтарға бөлінеді.

Жағдаят 1

Ата-ана баласының тәрбиесіне қатысты тәрбиешіге қатты дауыс көтеріп сөйлесті.

Сұрақ: Педагог қалай әрекет етуі керек?

Жағдаят 2

Әріптесіңіз туралы жағымсыз пікір айтылып жатыр.

Сұрақ: Сіз қандай ұстанымда боласыз?

Жағдаят 3

Әлеуметтік желіде балабақша туралы теріс пікір жарияланды.

Сұрақ: Этикалық тұрғыдан дұрыс әрекет қандай?

Топтар өз шешімдерін ұсынады.

Қорытынды:

Кез келген жағдайда сабыр сақтау, кәсіби шекараны ұстану және мәселені мәдениетті түрде шешу – педагогикалық әдептің басты талабы.

3-жаттығу. «Жақсы сөз – жан азығы» (10 минут)

Қатысушылар шеңберге тұрады.

Әр қатысушы қасындағы әріптесіне бір жағымды қасиетін айтып шығады.

Мысалы:

- Сіз жауапкершілігі жоғары мамансыз.
- Сіз әрқашан көмек көрсетуге дайынсыз.
- Сізбен жұмыс істеу өте жағымды.

Мақсаты:

Ұжымдағы сенім мен сыйластықты нығайту.

Рефлексия «Бір сөзбен» (5 минут)

Қатысушылар бүгінгі тренингтен алған әсерлерін бір сөзбен айтады:

- Сыйластық
- Мәдениет
- Әдеп
- Бірлік
- Құрмет
- Сабыр

Қорытынды

Педагогтің кәсіби мәдениеті оның күнделікті әрекетінен, сөйлеу мәнерінен және адамдармен қарым-қатынасынан көрінеді. Этикалық нормаларды сақтау – ұжымдағы жағымды ахуалдың, ата-аналар сенімінің және балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада тәрбиеленуінің маңызды шарты. Әдептілік пен кәсібилік әрқашан қатар жүруі тиіс.

Тренингтің қорытынды сөзі:

«Әдепті ұстаз – ұжымның айнасы, ал кәсіби мәдениет – оның беделінің негізі.»